



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Артықбаев Ж. О. «Жеті жарғы» - Алматы: Жеті жарғы, 2012.- 192 б.
3. Құқықты құндылаған құжат.-<http://egemen.kz/old/2010/?p=13031>
4. Адамның азаматтық құқықтары.-<http://akikatkaz.kz/?p=578>
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995
6. Азаматтық құқық: жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс)/ жауапты редакторлар: Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. –Алматы, 2003- 736 б.
7. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. Алматы, 2002.-408 с.
8. Конституция бостандығымыздың негізіне айналды.- <http://www.nomad.su/?a=3-200508310115>

УДК 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Шерьязданова Дана Еркінбақытқызы

darling_jan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық құқық мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Ибрагимов Жамаладин Ибрагимұлы, з.ғ.к., доцент

Конституция терминін түсіндіретін болсақ, ол еліміздің нышаны және басты құжаты, онда аса маңызды құндылықтар, конституциялық құрылыстың нормалары мен институттары жеке әрі нақ бекітілген. Конституция елімізді тұрақты және қарқынды дамыту үшін негіз құрды, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың басты қағидаттарын бекітті, маңызды әлеуметтік экономикалық және саяси реформалардың құқықтық іргетасын қалады. Ата Заңымызда әр қазақстандықтың конституциялық міндеті егжей тегжейлі түсіндіре қарастырылып, ерекше көрсетілген. Жалпы адамдық идеалдар іске асырылды, іргелі демократиялық қағидаттар, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының кепілдері бекітілді, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылды. Және де ел көлемінде қолданылатын құқық нормалары Адам құқықтары жөнінде халықаралық стандартқа негізделген. Бұл Қазақстанның халықаралық деңгейде беделін көтерді, егенмендігімізді алғаннан кейінгі уақыттан қаншалықты жетілгеніміз, дамығанымыз, заман талабы мен «демократиялық» деген ұғымды енгізуі әлемдік нормалар бойынша жетілуіміздің көрінісі, бірақ дұрыс тандалған стратегиялардың арқасында қазақстандық нышанымызды сақтап қалғанымыз мәлім.

Конституция кез келген ұлттық, құқықтық жүйеде іргелі және алғашқы кезекте жасалатын №1 заң. Әрбір елдің конституциясы тек өзіне арналған. Сондықтан барлық мемлекетке сәйкес келетін әмбебап модель болмайды. Әр елдің конституцияда өз жолы бар және Конституцияны қабылдау ол әр дербес, тәуелсіз мемлекеттердің барлығына міндетті құжат емес. Оған бірден бір дәлелі Израиль, Ұлыбритания, Сауд Арабия, Ватикан мемлекеттерін алуға болады. Және де Ұлыбританияның бір тұтас конституциясы жоқ. Бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан конституциялық актілерге: парламент заңдары, сот прецеденті, келісімдер мен әділеттік право салалары жатады

Мысалы, Израиль мемлекетінде нақ бекітілген Конституциясы жоқ. Бұл мемлекетте 1984 жылы сот атқарушылары жайында қабылдан негізгі заң және он бір жергілікті заңнамалары, нормалар мен құқықтық салалары бар.

Бұл мемлекеттерде Конституцияның жоқтығы мүлдем заңның және ереженің жоқтағын көрсетпейді, себебі ешбір мемлекет заң жүзінде бекітілген ережелер немесе нормаларсыз өмір сүре алмайды. Араб, мұсылман елдері Конституцияның орнына шарият заңдарына бағынатыны мәлім. Негізінен шарият соты төрт ұғымның басын біріктіреді. Олар: Қасиетті Құран Кәрім, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздері мен істерін талдайтын дәстүрлі

ережелер жиынтығы — сүннет, мұсылман ғалымдарының пікірлері — Иджма және мұсылмандардың өмірлік құбылыстарын сәйкесінше талдау — қияс. Рас, шарифат заңдары қоғамдағы ең ауыр, әрі әділ жаза болып есептеледі. Шарифат заңдарының бүгінгі зайырлы заңдармен салыстырғанда шектеуі мен тыйымының көптігі, жазалардың ауырлығы бірден байқалады. Шарифат ережелерімен өмір сүретін Сауд Арабиясы ең заңы қатал мемлекеттердің бірі. Мұнда кісі өлтіру, зорлау, тонау, есірткі саудасымен айналысу қылмыстарының барлығына өлім жазасы бекітілген. Жыл басынан бері елде 74 адамға жазаның осынау ауыр түрі тағайындалыпты.[1]

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Тәжірибемізді негізге алып қарайтын болсақ, Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.

Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, арқасында Қазақстан егемендікті алу және халықаралық мойындау қажеттілігі мәселелерінен бастап ЕҚЫҰ на төрағалық етуге дейінгі қиындықтарға дейінгі үлкен әрі оңай емес жолдан өтті. Табысты мемлекеттік құрылыс жүзеге асырылды, билік саясатының позитивті құрылуы, мемлекет басқаруының механизмін дұрыс құрылғандығы өз жемісін көрсетуде.[2]

Қандай мемлекет, қандай құқықтық норма, идеалды түрде құрылған заң, конституция болмасын ол уақыт талабы мен жаңа ескерілген тәжірибеге сай өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Бірақ, ең алғаш қабылданған Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілмен мемлекеттер қатарына Америка Құрама Штаттары жатады. Америка Құрама Штаттары өз конституциясына екі ғасыр бойы өзгеріс енгізбеген екен деген пікірді айтып жатады. Америка ешкімнің боданында болған жоқ. Әрине, әр мемлекеттің құрылған кездегі жағдайы әртүрлі болады. Сондай-ақ, ұстанған бағыттары да әртүрлі. Біздің мемлекетіміз бұрын Кеңес одағының құрамында болып келді. Ол жүйеден шығып, өз алдына тәуелсіздік алған тұста бірден дамыған елдердің ұстанымындай талаптарды қоя алмайтыны белгілі. Ол кезде көзқарас басқа болды.[3]

2015 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанына 20 жыл толады. Ал Тәуелсіз еліміздің Ата Заңы бірнеше қағидаттардан тұрады. Тұжырымдамалық негізінің бастысы қоғамның саяси тұрақтылығын, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтиды. Қазақстандық патриотизм негізін қалыптастырады. Демократиялық тәсілмен Үкіметтің, биліктің өзгерістерін референдум немесе Парламенттің заң қабылдауы арқылы жүзеге асыруға болады. Осы принциптерді біздер түпқазық ретінде ұстауымыз қажет. Конституцияның түпкілікті қағидасы — Қазақстанды жан-жақты дамыту, қоғамды демократиялық жолмен алға бастыру.

Біздер депутаттық қызметімізде заң жобаларымен танысқан сәттен-ақ өз ісімізді Конституциямен тікелей байланыстырып отырамыз. Парламентке Үкіметтен жаңа заңдардың жобалары түседі, қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады. Кейде қоғамға аса қажетті заңдарды шығару үшін депутаттар да заң жобаларын әзірлеп, бас-тамашылық жасайды. Соның барлығы Ата Заңға сәйкес болуы тиіс. Яғни, заң шығарушылықпен айналысатын адамның жұмыс үстелінде Конституция жатады.

Талқыланып жатқан заң жобаларына орай ел тұрғындарынан түсетін ұсыныстар да көп болады. Оны депутаттар жүйелеп, жұмыс тобына ұсынады. Соның ішінде қоғамға аса қажеттісін, Ата Заңға сәйкес келетінін қабылдаймыз. Кейде аздаған түзетудің өзі Конституцияға сәйкес келмей жатса, немесе басқа кодекстер мен заңдардың нормаларына қайшы келгенде, талқылаудың ұзаққа созылатыны, пікірталастар туындап жататыны анық.

Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына жиырма жыл толды. Тарихқа үңілетін болсақ биік әрі, мықты келешегіміз ретінде құрылған Конституциямызға толық есеппен алғанда үш рет өзгертулер мен өзгерістер енгізілді, олар : 1998, 2007 және 2011 жылдар. Әр кезекте өзгертулер мен толықтырулар заман және уақыт талабына сай болған еді. 2010 жылы Қазақстан Конституциясы қабылданғанына 18 жыл толады. Ал Тәуелсіз еліміздің Ата Заңы бірнеше қағидаттардан тұрады. Тұжырымдамалық негізінің бастысы қоғамның саяси тұрақтылығын, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтиды. Қазақстандық патриотизм негізін қалыптастырады. Демократиялық тәсілмен Үкіметтің, биліктің өзгерістерін референдум немесе Парламенттің заң қабылдауы арқылы жүзеге асыруға болады. Осы принциптерді біздер түпқазық ретінде ұстауымыз қажет. Конституцияның түпкілікті қағидасы – Қазақстанды жан-жақты дамыту, қоғамды демократиялық жолмен алға бастыру.

Біздер депутаттық қызметімізде заң жобаларымен танысқан сәттен-ақ өз ісімізді Конституциямен тікелей байланыстырып отырамыз. Парламентке Үкіметтен жаңа заңдардың жобалары түседі, қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады. Кейде қоғамға аса қажетті заңдарды шығару үшін депутаттар да заң жобаларын әзірлеп, бастамашылық жасайды. Соның барлығы Ата Заңға сәйкес болуы тиіс. Яғни, заң шығарушылықпен айналысатын адамның жұмыс үстелінде Конституция жатады.

Талқыланып жатқан заң жобаларына орай ел тұрғындарынан түсетін ұсыныстар да көп болады. Оны депутаттар жүйелеп, жұмыс тобына ұсынады. Соның ішінде қоғамға аса қажеттісін, Ата Заңға сәйкес келетінін қабылдаймыз. Кейде аздаған түзетудің өзі Конституцияға сәйкес келмей жатса, немесе басқа кодекстер мен заңдардың нормаларына қайшы келгенде, талқылаудың ұзаққа созылатыны, пікірталастар туындап жататыны анық.

Қазақстанның конституциялық реформаны енгізуі бұл жаңа дәуірдің, жаңа заманның ашылуын меңзейді. Қазақстан Республикасының Президенті, Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы, мемлекетіміздің тарихын түбегейлі өзгертіп новатор ретінде тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Әр өзгертулер мен жаңартулар мемлекетімізді жаңа деңгейге көтеруде. Мемлекетіміздің жаңа модернизациялау моделін ұсынған елбасшымыздың ұсынысымен, Қазақстан әлемдік саяси реформалар стандарттарымен дамиды, бірақ өзіміздің, яғни қазақстандық, бейнемізді сақтаймыз деп көзделген. Саяси партиялар маңызы мен ролі қарқынды өсуде, өлім жазасы мұқтаждылығынан айырылуда және жаңа президенттің басқару мерзімі жеті жылдан бес жылға кемуде.

Тек Қазақстан Республикасы ғана өз Конституциясына өзгерістер мен жаңартулар енгізбейді және де мысал ретінде Өзбекстан мемлекетінің тәжірибесін қарауымызға болады. «Өзбекстан бұрынғы кеңестік республикалар арасында ең бірінші болып өз Конституциясын жасап, 1992 жылы қабылдаған мемлекет. Өзбекстан Конституциясы көп ғасырлық ұлттық-құқықтық мұра, адам құқығы жөніндегі халықаралық стандарттар мен шетелдік конституциялық тәжірибе көздері бойынша жасалды. Өзбек Парламентінде арнайы құрылған комиссияда оның жобасы 2 жыл бойы әзірленді. Оның ұйымдастырушы, дем берушісі және негізгі авторы Өзбекстан Президенті Ислам Каримов болды. Сол себепті шетелдік ғалымдар мен сарапшылар оны «Каримов Конституциясы» деп атайды. Бұл тәжірибе өзге елдерде де бар. Мәселен Франция Конституциясы «Де Голль конституциясы» деп аталады Өзбекстанның Қазақстандағы Елшісі Әлішер Салахитдинов 5 Желтоқсан 2012 жылы өз сұхбатында. Және оған 20 жылда 5 рет өзгеріс енгізілді. Оның ең соңғысы 2011 жылы жасалды. Егемендіктің символы болған бұл Конституция 6 бөлімдегі 128 баптан тұрады.[4]

1998 жылдың қазан айында 1995 жылғы Конституцияға республикадағы саяси реформалардың іске асырылуына байланысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Яғни, ірге тасын қалаған жаңа мемлекет бірінші кезекте көп те болмасын, кішігірім өзінің бастан кешірген проблемаларына жүгене отырып өзіне дұрыс, қолайлы құқықтық жүйе мен билік жүйесін реттеді.

Әртүрлі алыпқашпа пайымдауларға қарамастан, мемлекеттік басқаруды айқын жүйелеуге мүмкіндік берген біздің Конституциямыз, бір қарағанға "қатал" болып

көрінгенімен, демократиялық институттар құруға кедергі келтірмегені былай тұрсын, қайта оларды қолдап, көтермелеп отырады. Негізгі Заңға 1998 жылы енгізілген түзетулер де, міне, осыған бағытталды. Мұны, тегінде, биліктің қолданылып жүрген институттарын демократияландыруға — Парламенттің өкілеттігін кеңейтуге, жекелеген санаттағы басшылардың, соның ішінде аймақтағы басшылардың сайланбалылығына байланысты, сондай-ақ саяси партиялар мен қозғалыстардың қызметіне, азаматтардың қоғамдық бірлестіктерінің ел өміріне белсене қатысуына байланысты да айтуға болады.

Ал 2007 жылдың мамыр айында президенттік-парламенттік республика моделінің дамуына заңдық негіз беретін өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Бұл жылы енгізілген өзгерістер қатарынан бірінші кезекте атап кететін жағдай: Мәжіліс депутаттарын сайлау пропорционалдық жүйе бойынша, яғни тек қана партиялық тізімге сәйкес жүргізілуі енгізілді. Бұл елдегі саяси күштердің беделі мен ықпалы, халық ішіндегі танымалдық деңгейі мен әлеуметін нақты саралауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол елдегі саяси партиялар үшін де өз қызметтерін жандандыруға, ашық һәм әділ саяси күреске түсуге, демек демократиялық талаптарға сай әрекет етуге қолайлы жағдай туғызан. Енді, 2007 жылы енгізілген жаңалықтар қатарына екі палаталы жүйенің енуі. Жалпы, дүниежүзілік тәжірибеде екі палаталы парламент әлемнің дамыған, саяси тұрақты, өркениетті елдеріне тән. Олай болатыны Жоғары палата әдетте реттеуші тұрақтандырушы рөлін атқарады. Біздің еліміздегі парламентаризм тарихында да Сенат дәл осы мазмұнда сындарлы қызмет атқарып келеді. Жаңа өзгерістерге сәйкес Сенатта партиялық санкция болмайтыны Жоғары палатаның әртүрлі саяси күштерге бөлінбейтін, топтық, шектеулі көзқарастардан ада, демек, мемлекеттік мүдделерді ғана көздеп еркін өызмет жасауына мүмкіндік береді. Мұның өзі ішкі тұрақтылықты сақтау, экономиканың орнықты дамуын өамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік, ұлттық, ғылыми һәм мәдени өрлеуді алаңсыз жүзеге асыруды көздейтін Елбасының жүргізіп отырған парасатты саясатына толық сай келеді.[5]

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжаттан:

4. 15-баптың тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты «террористік қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, оңай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар».[6]

Өлім жазасы біздің ҚР Қылмыс кодекстің бір тарауында болу болмауы соңғы көп уақыт арасында талқыланып келе жатқан өзекті тақырып. Мысалға, ҚР Әділет министрлігі стратегиялық жоспарлау және ұйымдастыру-талдау жұмыстары департаментінің директоры Исидор Борчашвили атап өткендей, Қазақстанда өлім жазасына мараторий жарияланса да, жаңа Қылмыстық кодексте өлім жазасына лайықты қылмыстардың қатары артқан. Борчашвили болса өлім жазасын тек қана жауыздықпен адам өлтіргендерге ғана қолдану керектігін айтып отыр.[7]

Айта кетейік, Қазақстанда 2003 жылдан бері өлім жазасына мараторий жариялау туралы Президент жарлығы өз күшінде. Аалйда, Елбасы 2009 жылы «Өлім жазасына байланысты кейбір заңнамаларға өзгертулер мен түзетулер енгізу туралы» Заңға қол қойған болатын. Яғни, ол бойынша жазаның осы түрі лаңкестік жасаған қылмыскерлерге және әскери кезеңде ауыр қылмыс жасағандарға қолданылады.

2012 жылы БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун бүкіл әлем елдерін өлім жазасынан бас тартуға шақырған. Әр қазақстандықтың бқған қатысты өз ойы бар. Менің ойымша, біз өлім жазасын тізімнен сызбауымыз керек, себебі, бүгінгі таңда әр түрлі озбырлықтармен жасалған өылмыстарды көріп, кейбір ерекше жағдайларда өлім жахасы керек емес, міндетті түрде жүзеге асырылуы керек. Мысал ретінде педофилия, психикалық ауру адамдардың ерекше қатігездікпен жасалған қылмыстадың иелерін ескеріп айтуға болады.

Тіпті, «мемлекеттік нышандар» деп сәтсіз бекітілген атаудың «мемлекеттік рәміздер» болып қайта түзетіліп жазылғаны көп ғалымдар мен жерлестерімізді қуантты.

Реттелетін қатынастардың кең ауқымы, нормаларының құрылымы мен нақты мазмұны бойынша Конституциясының қазақстандық моделі қазіргі уақытта қоғам мен мемлекеттің өзекті қажеттіліктеріне жауап беретін қисынды аяқталған түрде ие болды. Сонымен қатар, құқық қорғау практикасы Қазақстан халқының мүддесі мен қажеттілігі, жалпы мемлекеттік өрлеу игілігі үшін қолданылып жүрген Конституцияда одан әрі іске асыруды талап ететін едәуір құқықтық әлеуеттің болуын растайды.

Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы әуел бастан күрделі саяси, құқықтық және әлеуметтік экономикалық жағдайларда қоғамдық қатынастарды біртіндеп және сонымен қатар жүйелі түрде реформалау арқылы жүргізілгенін айта келе, Қазақстанның ішкі мемлекеттік дамуда қол жеткізген нәтижелері, жоғары сыртқы саяси деңгейі бұл тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көпқырлы қызметінің жемісі екендігін атаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шариғат заңдары қайта күшіне ене ме? Тағабай Қасымов. «Оңтүстік Рабат» газеті. Шымкент. «Оңтүстік Рабат» газеті. 2012. Б-13-15.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің негізгі заңдық құжаты. М.Ғ. Хамзина. Конституция - Қазақстан Республикасындағы демократиялық өзгерістердің негізі ретінде: дөңгелек үстел материалдарының жинағы 21 қыркүйек. Астана. 2010. Б-99-106.
3. Заңдардың төресі. Жексенбай Дүйсебаев. «Егемен Қазақстан» газеті. 2010, наурыз. Б-№90-93 12 наурызжұма, 2010 жыл. Б-17.
4. Әмбебап конституция моделі ешбір елде жоқ - Қазақстандағы Өзбекстан Елшісі. Алматы. 2012. Б-4.
5. «Сара жолға бастайтын сындарлы реформа». Өмірбек Байгелди. Астана №3. 2007, мамыр-маусым. Б-8-9.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Ақиқат №6. 2007. Б-4-11.
7. Қазақстанға өлім жазасы керек пе? <http://baq.kz/kk/news/23431>

УДК 349.23/24

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ

Шыңғысбаева Айдана

shin-aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Мемлекеттілік - 1) өз мемлекетін құрудан немесе қандай да бір жағдайлармен жоғалып кеткен мемлекетін қайта қалпына келтіруден көрініс табатын, әлеуметтік қауымдастықтың (этностың, халықтың) тарихи дамуының ерекше белгісі; 2) мемлекеттік құрылым, мемлекеттік ұйым.

Кеңес дәуіріне дейінгі Ресей тарихшылары: "Қазақтарда мемлекет те, хандық та болған жоқ, хан деген сөз қатардағы ру, тайпа басы мағынасында ғана қолданылды", — дейді. Бұл көзқарас бойынша патшалық Ресейдің қоғамдық-экономикалық құрылысы "тұрпайы", "көшпенді бұратаналардан" әлдеқайда жоғары болғандықтан, оларды Ресейдің жаулап алуы ілгерілеушілік қадам болды.

Кеңес дәуіріндегі кейбір зерттеушілер: "Көшпелілерде мемлекет қалыптасып үлгерген жоқ, олар тек шаруашылық қауым деңгейінде өмір сүрді", — дейді. Олардың пікірі бойынша, көшпелілер таптық қоғам құра алмады, жерге жеке меншік болмағандықтан, мемлекеттік құрылым да болған жоқ. Көшпелі мал шаруашылығы қауымның бытыраңқы, шашыраңқы жағдайын қажет етеді.